



Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы

Күші жойған

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 4-319 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 13 мамырында N 2-11-70 тіркелді. Күші жойылды - Қарасай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 4-268 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің
2010.04.19 № 4-268 шешімімен.**

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1 тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттік және әскери қызмет туралы» Заңының 19-бабының 3 тармағына, 20 бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді толысқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 17 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы» Қаулысы негізінде Қарасай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі, № 151 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесінде Қарасай аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сай құрамда қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 және 3 қосымшаларға сай бекітілсін.

4. Қала мен ауылдық округтердің әкімдері 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. «Қарасай ауданының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығына (С.Күдебаев), әскерге шақырылғандарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шығарып салу кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету, әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру , Қарасай аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер туралы хабарлау ұсынылсын.

6. Қарасай ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 4-394 «Қазақстан Республикасының 1981-1990 жылдары туған азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» қаулысының, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 25 сәуірінде 2-11-51 нөмірімен тіркелген, орындалуына байланысты күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының жүзеге асуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Ә.Қалиевке жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Мұсаханов

Ауданы әкімдігінің 2009 жылдың

3 сәуіріндегі № 4-319
«Қазақстан Республикасының
азаматтарын 2009 жылдың сәуір-
маусымында және қазан-
желтоқсанында кезекті мерзімді
әскери қызметке шақырылуын
жүргізуді ұйымдастырып,
қамтамасыз ету туралы»

қаулысына 1 қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Желеуов Мұратбек Әбенұлы	Қарасай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы;
Әбілбеков Қордай Орынбайұлы	Қарасай аудан әкімдігінің өкілі, ішкі саясат бөлімінің бас маманы, шақыру комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері:	
Алмашов Жолдасбек Сейдуллаұлы	Қарасай ауданының ішкі істер басқарма бастығының орынбасары;
Авгамбаева Маргарита Сапарғалиқызы	Аудандық аурухана дәрігері, медициналық комиссиясының төрайымы, терапевт;
Вахрамеева Людмила Ивановна	Аудандық аурухана медбикесі, комиссия хатшысы

Ауданы әкімдігінің 2009 жылдың
3 сәуіріндегі № 4-319
«Қазақстан Республикасының
азаматтарын 2009 жылдың сәуір-
маусымында және қазан-
желтоқсанында кезекті мерзімді
әскери қызметке шақырылуын
жүргізуді ұйымдастырып,
қамтамасыз ету туралы»
қаулысына 2 қосымша

